

**2025-2026 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 9 желтоқсандағы № 356 қаулысы "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2025-2026 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қазақ және орыс тіліндегі электрондық түрдегі көшірмесі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 01 қыркүйектен бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Солтүстік Қазақстан облысының әкімі*

*Ғ. Нұрмұхамбетов*

Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің

2025 жылғы "25" желтоқсандағы

№ 356 қаулысына  
қосымша

**2025 – 2026 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы**

Р/н	Жоғары оқу орнының атауы	Білім беру бағдарламалары	2025 – 2026 оқу жылына арналған мемлекеттік білім
-----	--------------------------	---------------------------	---

		Білім саласының коды мен сыныптауышы	топтарының коды мен атауы	беру тапсырысының көлемі (орындар саны)
1	"Астана медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	7R01140 Физикалық медицина және оңалту ересектер, балалар	1
			7R01101 Кардиология ересектер, балалар	2
			7R01114 Радиология	1
			7R01127 Офтальмология ересектер, балалар	2
			7R01108 Эндокринология ересектер, балалар	2
			7R01132 Акушерия және гинекология ересектер, балалар	5
			7R01137 Неврология ересектер, балалар	3
			7R01136 Жалпы хирургия	1
			7R01125 Травматология-ортопедия ересектер, балалар	1
			7R01112 Дерматовенерология ересектер, балалар	3
			7R01120 Нейрохирургия ересектер, балалар	1
			7R01131 Неонатология	1
			7R01109 Нефрология ересектер, балалар	2
			7R01128 Оториноларингология ересектер, балалар	3
			7R01113	

		Психиатрия ересектер, балалар	2
Жиыны			30

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК